

## Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібінің 15-тармағының 29-тармақшасына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 26 тамыздағы № 77 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібінің 15-тармағының 29-тармақшасына өзгеріс енгізілсін.

2. Осы Шешім 2026 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Б. Сағынтаев*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2025 жылғы 26 тамыздағы  
№ 77 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібінің 15-тармағының 29-тармақшасына енгізілетін ӨЗГЕРІС

29-тармақша мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мониторингтеуге жататын Ресей Федерациясында дәрілік препараттарды өндіруге және дайындауға арналған 17 нөміріндегі бастапқы материалдарды (бұдан әрі – бастапқы материал) декларациялау кезінде 1 нөмірімен көрсетілген мәліметтерге қосымша, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес қалыптасқан бастапқы материалдың сәйкестендіру коды, бастапқы материалдың CAS-RN жүйесі бойынша коды (бар болса), осындай код бойынша атауы (халықаралық патенттелмеген немесе химиялық (халықаралық теориялық және қолданбалы химия Одағының (ИЮПАК) номенклатурасына сәйкес келетін атау)) немесе топтастырылған), сондай-ақ оны өндіру сериясының нөмірі (бар болса) көрсетілуі мүмкін.

Мұндай мәліметтер, сондай-ақ қадағалауды жүзеге асыру мақсатында пайдаланылатын қаптамасы бар және онсыз бастапқы материалдың сандық өлшем бірлігіндегі бастапқы материалдың саны, Еуразиялық экономикалық одақтың өлшем бірліктері мен шоттарының сыныптауышына сәйкес осындай бірліктің шартты

белгіленуі ҚД құрылымының тиісті деректемелерінде электрондық құжат түрінде, ал ҚД беру кезінде ҚД қағаз тасығыштағы құжат түрінде – жаңа жолдан "/" бөлгіш белгісі арқылы көрсетіледі, элементтер арасындағы бос орындарға жол берілмейді.

Қатарынан келесі бастапқы материалды өндіру серияларының нөмірлерін көрсеткен кезде тиісті диапазондағы сериялардың бірінші және соңғы нөмірлері көрсетіледі. ҚД-ы электрондық құжат түрінде берген кезде бұл мәліметтер ҚД құрылымының тиісті деректемелерін толтыру жолымен, ал ҚД-ы қағаз тасығыштағы құжат түрінде берген кезде – "-" бөлгіш белгісі арқылы көрсетіледі."